

Тақырыбы:



“Құтты білік”

Ақыл- шырақ, қара түнді ашатын,
Білім - жарық, нұрын саған шашатын.

Жүсіп Баласағұн.



№133 негізгі орта мектебі

Тарих пәнінің мұғалімі Акпарова Қ.С.

Жезқазған қаласы-2016 ж

- **Аннотация**

Мақсаты:

- Дастанның басты мұраттарының бірі: құтты қоғам құру, әлеуметті түзіп, “кедейді –орташаға, орташаны-байға” жеткізу, елдің әл-ауқатын өсіріп, іргесін нығайту, зерттей отырып, бұрынғы елдік, халықтық қасиетімізді үгіттеу, насихаттау;
- Аталмыш қасиеттерді парасат пен ақыл-ой сұлулығын ұрпақтан ұрпаққа жеткізе отырып, тарихи деректі жан-жақты қарастыру.

- **Міндеті:**

- “Құтты білік” ақылман дастанның тарихын зерттеу;
- “Құтты білік” дастанның пайда болуы және таралуы;
- “Құтты білік” дастанның қазақ тарихындағы және көшпелі мемлекеттер арасындағы орнын көрсету;
- “Құтты білік” дастанды насихаттау;
- ыпшақ дәуірінің ескерткіштері арқылы мемлекеттік этнотуристік бағыттарды іске асыру жобасын ұсыну.

Жұмыс өзектілігі:


- Қазіргі тілдің ежелгі замандағы күретамыры іспетті көне түркі тілінің поэтикалық нәрін, көркемдік қуатын жасытпай, тиянақтылықты, шеберлікті керек етсе, екінші жағынан жауапкершілікті жүктейді. Сонымен бірге, тілдің байлығын танытумен қатар, ұлттың эстетикалық таным өресінің қаншалықты таза да биік екендігін, тарихи поэтика тарапынан рухани дүниеміздің қаншалықты сан қырлы бай келетіндігін аңғартады. Сондықтан түркі әлемінің ұлы мұрасы “Құтты білік” оқушыларға тереңірек оқытып, рухани дүниесін дамытып патриоттық сезімін ұялату.

- **Гипотеза (болжам):**

- Түркі әлемінің ұлы мұрасы “Құтты білік” дастаны туралы көптеген мағлұматтар алып, ары қарай зерттеу жобаларына жол ашылады. Біз ұсынатын бағыт бойынша, қазіргі қазақ еліне байырғы елдік, мемлекеттік дәстүрін, салтын сезіндіруге, зерттеуге бағыт-бағдар ұсынады.

- **Қорытынды:**

- Біз ұсынатын жоба бағытты әрбір қазақ баласына қол жетімді етіп жасау. Себебі бүкіл адамзат баласы өзінің шығу тегін білуге міндетті, ал “Құтты білік” дастаны – көркемдігі кемел, ойы зерек, парасат пен аыл-ой сұлулығын ұрпақтан –ұрпаққа мұраға қалдырған еңбекте, бала тәрбиесі, мемлекет түзу, ел басқару, бұрынғы елдік қасиетімізді толық танытатын еңбек.



Мазмұны

- **I. Кіріспе**
- **II. Негізгі бөлім**
 1. Жүсіп Баласағұнның өмірі мен қызметі.
 - 2) «Құтты білік» дастанының зерттелуі.
 - 3) Дастанның құрылымы.
 - 4) Ел басқарған әкімдер бейнесі.
 - 5) Оқу-білім туралы.
 - 6) Тәлім-тәрбие, әдептілік туралы.
 - 7) Қанағат-ынсап туралы.
 - 8) Жастық шақ пен кәрілік туралы.
- **III. Қорытынды**
- **Пайдаланған әдебиеттер тізімі**


К І Р І С П Е

Қазіргі таңда Қазақстан өте оңай емес тарихи кезеңді басынан өткеруде. Қазіргі таңдағы біздің қоғамымызға ең қауіпті жағдай экономиканың тұрақсыздығы немесе саяси жүйенің өзгеруінде емес, ең қауіптісі тұлғаның азғындалуы. Материалдық құндылықтар рухани құндылықтардан басым, сондықтан замандастарыма, жасөспірімдерде мейірімділік, қайырымдылық, әділеттілік, азаматтылық және ұлтжандылық секілді ұғымдар мейлінше жойылып барады.

Міне, бүгінгі жобамыз Жүсіп Хас Хажыб Баласағұнның жазған «Құтты білік» тақырыбын алдық. Жүсіп Хас Хажыб Баласағұн – түркі халықтары тарихындағы қайта өрлеу дәуірінің аса көрнекті ақыны, есімі күллі Шығыс елдеріне аты шыққан, данышпан – ойшыл, атақты ғалым, белгілі қоғам және мемелкет қайраткері.

Жүсіп Баласағұн кезінде Шығыспен Батыс елдеріне орта ғасырдың атақты ғалымы, дәлірек айтсақ, философия, математика, медицина, астрономия, тарих, тіл білімі әдебиеттану т.б. ғылым салаларын жете меңгерген ғұлама ретінде жақсы мәлім болған. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» поэмасын оқып, зерттей келе, бұл еңбекте сол өз заманын әлеуметтік, саяси, хел басқару, оқу білім, тәлім-тәрбие, өмірдің кезеңдерін толық нақты тоқталып ақыл-кенес береді. Бұл әрине болашақ ұрпаққа өнеге,

Рухани-адамгершілік тұрғысында «Құтты білік» жобасы ұсынамыз, бұл жоба оқушылардың тарих, әдебиет т.б арқылы, өз елінің бай тарихымен, халқымыздың дәстүрі мен мінез - құлқын, әдеп-ғұрпымен, саз-күй өнерімен, тілі, ділі, дінімен тереңірек таңысып қазіргі қазақстандық қоғамның нағыз ұлтжанды азаматы болуға дайындайды.



«Құтты білік» дастанның зерттелуі.

«Құтты білік» дастанның бүгінгі күнге дейін сақталып келген үш нұсқасы бар.

Біріншісі – Вена нұсқасы, оны Герат нұсқасы деп аталады.

Қолжазба қазір Венаның Корольдік кітапханасында сақтаулы тұр. Сол үшін Вена нұсқасы дейді. Қолжазбаны Герат нұсқасы деудің себебі, 1439 жылы Герат шаһарында көшірілген екен. Оны ұйғыр әрпімен көшірген адам есімі-Хасан Қара Сейіл.

Екінші – Каир нұсқасы. Бұл қолжазба араб әрпімен көшірілген.

Каирдағы кітапханасында сирек кездесетін қолжазбалар қорына 1896 жылы неміс ғалымы Б. Мориц тапқан.

Үшінші – Наманган нұсқасы. Оны 1913 жылы А.Валитова Өзбекстанның Наманган шаһарынан тапқан екен. Датан араб әрпімен көшірілген.

Толық нұсқасы Өзбекстан Республикасының Ғылым Академиясының Өбу Райхан әл-Бируни атындағы Шығыстану институтында сақталып келеді

«Құтты білік» дастаны жөнінде тұңғыш рет баспасөз бетіне хабар беріп, нұсқаның бір бөлігі 1823 жылы «Азия» журанлына бастырып шығарған француз ғалымы Жауберт Амадес болды. Бұл істі кейінірек венгер ғалымы Герман Вамбери қолға алды. 1870жылы «Құтты білік» жеке кітап етіп шығарды.

Дастанның құрылымы.



«Құтты білік» дастанның басты идеясы төрт принципке негізделіп жазылған. Біріншісі – мемлекетті дұрыс басқару үшін қара қылды қақ жаратындай әділ заң болуы. Екіншісі – бақ-дәулет, яғни елге құт қонсын деген тілек. Үшінші – ақыл-парасат. Төртіншісі – қанағат – ынсап мәселесі.

Кітабында талай жайды айтады – ол,

Бұл төрт ұлық сөздерінен байқалар.

Бірі- оның шындық жолы –әділет.

Екіншісі құт пен ырыс, дәулет.

Үшіншісі – ақылменен парасат

Төртіншісі – ұстамдылық, қанағат.

Құрылысы жағынан 6520 бәйіттен тұрады. Бұл 13000 өлең жолы деген сөз. Сонын бәрі 85 тарауға бөліп берілген.. Дастан этникалық-моральдық, дидактикалық міндеттерге, шығарманың әділдікті, бақ-дәулетті, парасатты, қанағатты бейнелейтін төрт қаһарманның іс-әрекетіне тікелей байланысты етіп құрылған.

Ел басқарған әкімдер бейнесі.



Түркі қағанаты құлып, арада екі жүз елу жылдай уақыт өткенен кейін қайта өмірге келген «көк түріктердің» исламды қабылдағанан кейінгі алғшқы мемлкет – Қарахан мемлкеті. Қарахан билік жүргізген дәуірде « аз халықты көп еткен», «кедей халықты бай еткен» қағандарды жырға қосты.

Халық байып, елдің дәулеті арта түсті,
Жұрттың бәрі Елікті (әміршіні) мадақтады.
Халық еркіндік алғанда – қайғы қасірет қашады.
Ол жерде қой мен қасқыр бірге өмір сүре береді.
Қалалар көбейді, ұлыстар байыды.
Қазына күміс пен алтынға толды.

Дастан ислам дәуірінің моральдық – этникалық нормасын бейнелейтін заң болды. Жүсіп Баласағұн патшадан да, қарапайым диқаннан, бек пен әскер басынан да талап етті.

Елді ұзқ билегін келсе,
Халықты заң жолымен басқар.
Заң іске асса- ел жайнар,
Зорлық көрсе –ел де, әлем де қиналар.

Оқу-білім туралы.



Ғұлама –ақын өмірдегі барлық нәрседен білімді жоғары қояды, адамның жаман-жақсы қасиеттерді тығыз байланыстырып қарайды. Дастанда оқу-білім, ғылым мәселелеріне арналған тараулар бар. Ақын мемлекет, қоғам, ел басқарған әкімдер, мораль, этика т. б. мәселелерге арналған тарауларда білімнің күш-құдіретін ардақтап, ғалымдарды көкке көтере мадақтайды.

Ақыл - шырақ, қара түнді ашатын,
Білім – жарық, нұрын саған шашатын.
Ақыл болса, асыл болар боса ер,
Білім болса, бектік қылар – қылса ер.яй
Ақылмен кісі асыл атанар,
Бекке ел ісі біліммен жасалар.
Талай ізгі іс атқарылды ақылмен,
Мың рахмет, ақыл-еске асыл кен!
Білім - байлық, азаймас һәм жоғалмас,
Еш қарақшы, ұрыға да тоңалмас!
Ақыл, білім бейне кісен кісіге,
Кісенді ашып бармас қылмыс ісіне.

Жүсіп Баласағұн оқыған, парасатты, көзі ашық адамдар, ғалымдар ел басқару ісінде, ел-жұрттың талап-тілектерін жүзеге асыруда патшаларға, түрлі дәрежедегі әкімдерге, бектерге ұдайы ақыл – кеңес беріп, көмектесіп отыруы тиіс деп түсінеді.

Ел басқарған әкімдер бейнесі.



Түркі қағанаты құлып, арада екі жүз елу жылдай уақыт өткенен кейін қайта өмірге келген «көк түріктердің» исламды қабылдағанан кейінгі алғшқы мемлкет – Қарахан мемлкеті. Қарахан билік жүргізген дәуірде « аз халықты көп еткен», «кедей халықты бай еткен» қағандарды жырға қосты.

Халық байып, елдің дәулеті арта түсті,
Жұрттың бәрі Елікті (әміршіні) мадақтады.

Халық еркіндік алғанда – қайғы қасірет қашады.
Ол жерде қой мен қасқыр бірге өмір сүре береді.
Қалалар көбейді, ұлыстар байыды.

Қазына күміс пен алтынға толды.

Дастан ислам дәуірінің моральдық – этникалық нормасын бейнелейтін заң болды. Жүсіп Баласағұн патшадан да, қарапайым диқаннан, бек пен әскер басынан да талап етті.

Елді ұзқ билегін келсе,
Халықты заң жолымен басқар.
Заң іске асса- ел жайнар,
Зорлық көрсе –ел де, әлем де қиналар.

Тәлім-тәрбие, әдептілік туралы.



«Құтты білік» дастанында басты мәселе тәлім-тәрбие деуге болады. Адам бойындағы жақсы мінез-құлық, әдептілік, кішіпейлік, ең алдымен, адмның тәлім-тәрбиесіне байланысты деп түйінеді. Сол себепті жас нәресте өмірге келісімен оны дұрыс тәрбиеле бастау – әке-шешенің қасиетті борышы екенін жырға қосқан.

Ай мандайлы ұл-қыз туса алдында,
Үйінде өсір, бөтен жерде қалдырма.
Ұл-қызына әдеп үйрет, білім бер,
Қос жалғанды бірдей көріп, күлімдер.
Ұлынды үйрет күллі өнер –білімге,
Онымен мал –дүние табар түбінде.

Жүсіп Баласағұн дастанда адам туғаннан ақылды, білімді болып тумайтынын, естіп, көріп барып қана ақыл-парасаты артынан оқырманға зор шеберлікпен жеткізеді:

Тәлім-тәрбие, әдептілік туралы.

Ешкім іштен данышпан боп тумады,
Сөйлеуді, ақылды біртіндеп үйренеді.
Адам үйрене келе білімді болады,
Әрбір істі білімді адам тындырады.

Жүсіп Баласағұн өз оқырманын әдептілікке, кішіпейілділікке, мейірімділікке, имандылыққа шақырады. Әке-шешеден тәрбие алғандар жомар, бауырмал, сабырлы, инабатты болып келеді. Жүсіп Баласағұн әдептіліктің сан түрін айта келе, ең бастысы – тіл әдептілігі деген. Мәнерлі, сыпайлы, мәнді сөйлей білу өнеріне арналған. Сөйлей білу әдептіліктің басы деген тұжырым жасайды:

Тіл қадірлі етер, ерге бақ қонар,
Қор қылар тіл, кететұғын бас болар.
Тіл- арыстан есік баққан ашулы,
Сақ болмасаң, жұтар, ерім, басыңды!
Сөзіңді бақ басын кесіп алмасын,
Тілінді бақ, тісің сынып қалмасын!



Қанағат-ынсап туралы.



Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанында этникалық , қанағат туралы шақырады. Ел басқарған әкімдерді қанағатшыл, ынсапты болуға шақырады. Сондай –ақ дүниеқұмарлықты, ашкөздікті, парақорлықты сынайды:

Аш көзденебе, ұятты ойла, адал бол,
Ашық айтып, әділ іске жарар бол!
Сұғанақтық –дауасыз дерт, арылмас,
Күллі жиһан емі қонбас, жазылмас.
Барлық аштар жесе ақыры тояды,
Сұғанақ көз тек көрінде қояды.

Жастық шақ пен кәрілік туралы.

Жүсіп Баласағұн тағы да бір ортақ болып келетін тақырып – жас шамасы, өмір белестері, жастық шақ пен кәріліктің алмасуы, өмір жолындағы түрлі кезеңдердің қызығы мен қиындылығы деуге болады:

Қайран жастық, қайран отты күндерім,
Тұта алмады, қадірінді білмедім!
Жастық балын, жігіттіктің қуатын,
Өткіздім бос, жоқ енді әл-қуатым!

Жастық шақтың жайқалған көктемі зымырап өте шығып, кәріліктің қаһарлы қысы қалай келгенін адам сезбей қалатынын ақын зор шеберлікпен жеткізеді:

Қара жұмыр басыма ақты жолаттым,
Толған айдай жүзімді қайда жоғалттым?
Көктем едім мың гүл-шешек гүлденген,
Қазан түсіп, құртты бәрін тонаттым.
Текке өткен тірлігімді сағынып,
Көзден қанды жасым ақты қамығып!

Жүсіп Баласағұн адам өмірінің түрлі белестерін, өтпелі белестерін тереңінен толғап, зор шеберлікпен бейнелеп береді:

Асқан адам қырықтың қырқасынан,
Айырылар жастық шақ, сырласынан.
Елу жасым мені де құрсауға алды,
Қарға түстес басымды құрау шалды.



Пайдаланған әдебиеттер тізімі:



- 1.Дербісәлиев Әбсәттар «Қазақ даласының жұлдыздары» . – Алматы: Рауан, 1995. – 134 б.
- 2.Келімбетов Немат.
Ежелгі дәуір әдебиеті .- Алматы: Ана тілі, 1991.- 190 б.
- 3.Қарасаева А, Төребаева О. «Қазақ» Алматы: Білім, 1994. – 130 б.
4. З.ӘБИЛОВА, Қ.ҚАЛИЕВАЛАРДЫҢ
«ЭТНОПЕДАГОГИКА ». – Алматы: Ана тілі, 1995. – 95 б.
5. Егубай А. «Жүсіп Баласағұн», Жұлдыз - 1996. №3.
6. Егубай А. Жүсіп Хас Қажыб Баласағұн «Құтты білік». - Алматы: Өлке, 2006.

Жүсіп Баласағұнның өмірі мен қызметі.



Жүсіп Хас Қажыб 1010-1015 жылдар шамасында Шудың бойында, Талас даласында Баласағұн шәһарында дүниеге келген. Баласағұн мен Қашқар сол кезеңдегі Қарахан мемлекетінің бас қалалары ретінде елдің батысы мен шығысындағы ірі орталықтар, қос астана екендігі тарихта белгілі жайлар. Ғұлама ойшылдың туған жылы, өмірі сүрген дәуірінің хронологиясы туралы пікір, болжамдар әр түрлі.

Жүсіптің әкесі де ақын, өнерпаз кісі болған. Қарахан мемлекетінің астанасы Баласағұн қаласында хан сарайында өлең айтып, күй шерткен. Кейін ол бұл іске баласын да тартып, Жүсіп әкесімен бірге хан сарайында қызмет еткен. Осында жүріп қоғамдық және жаратылыстану ғылымдарынан білім алады.

Жүсіп Баласағұн Омар Хайям, Навои, Насими, Рудаки, Фирдоуси сияқты атақты ақындардың философиялық шығармаларынан нәр алған.

Жүсіптің ақын ретінде де, ғалым ретінде де атын шығарған еңбегі – «Құтты білік», «Құтадғу білік» атты дидактикалық поэмасы. Бұл байырғы түркі тектес халықтардың ортақ қазынасы. Көптеген зерттеушілер бұл поэманы саясат, мемлекет басқару, әскери-іс жөніндегі философиялық трактат деп жүр. Шындығында да, бұл жалаң әдеби дүние емес. Бұл – бүтін бір тарихи кезеңнің мінез-құлқын бойына сіңірген, қоғамдық-саяси, әлеуметтік бітімі қанық, моральдық-этикалық, рухани қазынамыздың негізі, арқау боларлық дүние. Ондағы бүгінгі тілімізге, ой-толғамымызға тәркіндес, етене жақын орамдарды көргенде, қазақ әдебиетінің солармен текелей сабақтаса жалғасқан дидактикалық поэзия мен шешендік сөздердің, билердің орағытып, ой тастайтын кең тынысты толғамдарының



«Құтадғу білік» 1069 жылы он сегіз айдың ішінде жазылған. Жүсіп бұл қоғамдық- әлеуметтік мәні терең, халықтың моральдық-этникалық бағдарламасы іспеттес еңбегін 54 жасында жазған. Шу бойындағы Баласағұн қаласында бастаған бұл шығармасын Қашқарда аяқтап, Қарахандар мемлекетінің сол кездегі әмірі Бұғра ханға тарту етеді. Хан ойшыл ғұлама еңбегін жоғары мәртебелеп, « Хас Хажыб » деген лауазымды атақ, өз қасынан бас кеңесшілік қызмет берген. Сөйтіп Жүсіп Хас Қажыб баласағұн деген аты дүниеге тараған.

Сөйтіп, Шу бойынан шыққан Жүсіп осынау қалың елдің моральдық-этикалық бағдарламасы іспеттес еңбегін 54 жасында жазып, сол «Құтты білік » атты даналық дастаны ғұлама атын күллі Туран еліне, Шығыс әлеміне танытты. Батыс және Шығысты тең шарлап кеткен бұл әдеби жәдігер он ғасырдай мерзім өткенде, өз атамекеніне оралғандай болды, 1986 жылы қазақ жерінде өз ана тілімізде алғаш рет жарық көрді.

Дастанның басты мақсаты – бақытты қоғам, құтты ел тұзу гой. Сондықтан да отбасын ұстаудан бастап мемлкет құру, елш басқару ісіне дейін баянды баяндайды, ғұлама ақын бірде өмір, тұрмыс заңдылығынан туған, бірде қиялын оятқан утопиялық тебіреністерге батады, терең мағыналы пәлсәпалық пайымдаулар түйеді. «Құтты білікте» елші, жиһанкездердің, саудагерлердің, қолөнершілердің мінез-құлқы, олармен қарым-қатынас жасау реттері жеке-жеке арнайы тарауларға негіз болғандығы тегін есем. Қала сәулеті, сауда-саттықтың өркендеуі, отыршылықтың қалыптасуы, өнер, ғылым- осының бәрі де «Құтты білік » секілді дастанның дүниеге келу заңдылығын, тарихи алғышарттарын танытады.



«Құтадғу білік», бір жағынан, ақылына өсиет сөз. Өмірдің өз табиғатынан, тұрмыс толғамдарынан туған даналық. Сол ақыл сөз, тағылымды толғаныстар уақыт өте келе түрленіп, құбылып мақал-мәтелдерге, нақыл, қанатты тіркестерге айналған. Көлемі 6645 бәйіт ауқымды дастанның ойлары, насихат- уәзипалары осылайша алуан қырымен халқымыздың тұрмысына, салт-дәстүріне, санасына, әдебиетіне сіңіп, кең таралып кеткен. Бір жағынан, толғам тереңдігі, көркемдік шындықтың әлеуеті тәнті етсе, екінші жағынан халықтың өз рухани тірлігінен еркін алып қолданған, игерген даналық сөздері, мақал-мәтелдері тілге орамды, жүрекке жылы тиіп баурап алады.

Жүсіп баласағұн – X-XI ғасырдағы көркемдік-эстетикалық дүниенің жұлдызыды биігі.

«Құтты білік» дастанның ғасырлар сынынан өткен, заманалар бойы мәнін жоғалтпай жеткен түрлі, тарихи, этникалық, философиялық, көркемдік заңдылықтары өзінше бір әлем. Олардың барлығын мысалдармен тізбелемей-ақ, әдеби шығарма тұрғысынан алғандығы кейбір сипаттарын шартты түрде жүйелеп атаса да еркін аңғарады.



«Құтадғу біліг»:

- а) түркі тіліндегі сөз өнерінің ой өнерінің сөлін жиған, бірегей бітімді поэзия шығармасы;
 - ә) дастанның бүкіл мазмұны ел бірлігін сақтап, елді құтайтуға, қорғауға, өнер, ғылым, білімді дамытуға шақырады. Кісілікті қорлауға, орынсыз қантөгіске, әлеуметтік әділетсіздікке жаны қас ақынның дүниенің қызығы, құты – білім, ақылда, адамшылықта деген мүддесін биік көтерген толғаныс;
 - б) насихат, ғақлия саздары айқын, елдік мемлекеттік құрылысты егжей-тегжейлі түсіндірген тариқат;
 - в) адам баласының отбасы бақытына, тұрмыс қызығына (бала тәрбиесі, туысқандық қарым-қатынас, отбасы, ана, жар, адамшылық) терең мағына қосқан тебіреніс;
 - г) заманның, уақуттың озмыштығына ойшылдықпен мән берген, дүниенің асыл мәнін байсалды түсіндірген ақылмен дастан.
- Поэма көлемі сексен бес тарау, яғни кіріспе түйінсіз таза тексі 6645 егізжол. Негізгі нұсқадағы бәйіттердің ұзын саны 6520. Қорытынды іспеттес үш тарау өзара үндесіп келеді де, негізгі текстен ұйқас, ырғақ өлең құрылымы жағынан өзгешелеу шыққан.
- Дидактикалық сарындағы ақылмен дастанның жанрлық табиғаты тереңнен, әрідегі ғасырлар қойнауындағы өркениет топырағынан тамыр байлаған. Бұл ежелгі Мысыр еліне, үнді жұртына, араб, парсы әлеуметіне ежелден-ақ мәлім өсиет, даналық сөз түріндегі (дидактикалық) жанр.

Қорытынды.



Қорытындылай келе, «Құтты білік» Х. Сүйіншәлиев айтқандай, «орта ғасыр ескерткіштерінің ең көлемдісі және көркемдігі жағынан зерттеушілерін таңқалдырған әдеби көркем туынды. Орта Азия мен Қазақстан жерін мекендеген түркілердің және олардың мәдениетінің жарық жұлдызы деп атарлық әдеби мұра. Бұл өлкенің бір кездегі өркендеген мәдениетін танытарлық тарихи куә, тамаша ескерткіш».

Балсағұн еңбегі жалпы философиялық мәселелерді алға тартқан өмірлік, эстетикалық тұрғыда жазылған кең ауқымды жүйелі еңбек. Баласағұн бұл кітапты жазуға итермелеген себептердің бірі, бәлкім, туған тілге деген құштарлығы, отан сүйгіштігі болған шығар.

«Құтты білік» тек саяси емес, өз дәуіріндегі ғылым мен мәдениеттің сан-саласынан мол хабар беретін білімдер жиынтығы, онда Баласағұн өмірге деген көзқарас, адам баласының іс-әрекеті, тағдыры және оның қоғам мен табиғат алдындағы ролін қарастырған.

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» кітабы сол замандандағы ресми әдебиет тілі болып саналған араб тілінде емес, түркі халықтарының тілінде жазылған алғашқы энциклопедиялық еңбек болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер

- 1. Ибраева К. “Жүсіп Баласағұн- тәрбие туралы” // “Қазақстан мектебі”2002-№3 38-бет.
- Жанайдаров О. “Ж. Баласғуни ” Алматы: Аруна, 2008 92 стр.
- 3. Ирмуханов Б.Б “Древняя история Казахстана в письменных источниках”. –Алматы,1998.
- 4 Исмагулов “Насиление Казахстанаот эпохи бронзы до современности”- Алма-Ата: Наука,1970
- 5. Сегизбаев О.А. “Казахская философия ХУ –начала ХХ века” . Алматы, 2008.
- 6.Егубай А.Қ “Жүсіп Хас Қажыб Баласағұн Құтты білік” Алматы-1997 .